

Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № А-11/361 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қарашада № 6882 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, 27 бабының 1 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.
3. Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3 қосымшасына сәйкес белгіленсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау осы мәселеге жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұланды ауданының
әкімі

Ж.Нұркенов

Бұланды ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ А-11/361 қаулысына
1 қосымша

Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)
1	"Бұланды ауданы, Купчановка ауылы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	258	0,4
2	"Бұланды ауданы, Макинск қаласы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	1,9

Бұланды ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ А-11/361 қаулысына
2 қосымша

Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)
1	"Бұланды ауданы, Купчановка ауылы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	258	0,4
2	"Бұланды ауданы, Макинск қаласы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	1,9

Бұланды ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ А-11/361 қаулысына
3 қосымша

Бұланды ауданы бойынша 2019 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім

**беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы
азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)
1	"Бұланды ауданы, Купчановка ауылы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	258	0,4
2	"Бұланды ауданы, Макинск қаласы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	1,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК